

## Аудан әкімі А. Смайыловтың 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтауы

### Құрметті бұландылықтар!

Сіздерді 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

1 мамыр мерекесі - бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымақта тұрмыс кешіп отырған барша отандастарымыз үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің, татулық пен тұтастықтың, бірлік пен берекенің мейрамы. Бұл — бәріміз үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпыұлттық бірліктің мерекесі.

Біз бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолына жұмылған қуатты елміз. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің ең жоғары байлығымыз. Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету әрбір азаматтың міндеті болып табылады.

Түрі басқа болғанымен, тілегі бір, жүзі басқа болғанымен, жүрегі бір көпұлттың өкілдерімен бірлік арқасында өскелең ұрпаққа жарқын болашақ сыйлайық!

### Құрметті жерлестер!

Бүгінгі бірлік мерекесі қарсаңында Сіздерге бақыт, зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Бейбіт өмірдің берекесі, халқымыздың ынтымақ, бірлігі арта берсін.

## Уважаемые жители района!

От всей души поздравляю вас с одним из самых добрых и светлых праздников – Днем единства народа Казахстана – праздником дружбы, понимания и согласия.

Это поистине общенародное торжество является ярким символом нашего патриотизма, любви и преданности родной земле. Благодаря единству и согласию мы достигли больших успехов в построении независимого государства, заслужив высокий авторитет и признание в мире.

Пусть День единства народа Казахстана станет для всех нас днем взаимопонимания, согласия и взаимодействия!

Сегодня, в один из национальных праздников, желаю нашей стране процветания, мира и согласия в ваших семьях, крепкого здоровья, счастья и благополучия.

**С наилучшими пожеланиями, председатель районного маслихата Н. СЕКЕНОВ.**

## АҚМОЛАЛЫҚ ДИҚАНДАР ЕГІН ЕГУГЕ ДАЙЫНДАЛУДА

Ақмола облысында егін егу науқанына дайындық басталды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ақмола облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Кенеш Әлімжанов айтып берді.

Өңірдегі жаздық егіс алқаптарының алдын ала құрылымы бойынша 5,3 миллион гектарға жоспарлануда. Егістіктің көп бөлігінде дәнді дақылдар орналастырылады.

Өсімдік шаруашылығы саласында әртарапандыруды жүргізу шеңберінде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар алқаптары 4,8 млн. га құрайды. Бұл ретте майлы дақылдар мен жемшөп дақылдарының егістігін ұлғайту жоспарлануда. 13,8 мың гектар алқапта картоп, 2,1 мың гектарға көкөніс отырғызу жүзеге асырылады», - деді Кенеш Әлімжанов.

Көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін өңір ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымымен толық қамтамасыз етілген. Жыл басынан бері облыстың, Қазақстанның, Ресейдің және Еуропа елдерінің басқа өңірлеріндегі аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілерінен 30 мың тоннаға жуық тұқым және 1-ұрпақ будандарының 10 мыңға жуық тұқым бірлігі сатып алынды. Осыған қарамастан, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер тұқым материалын жаңарту бойынша жұмысты жалғастыруда.

Спикер атап өткендей, жақын арада егістікке шамамен 15,1 мың трактор, 16,6 мың сепкіш және 1,5 мың бірлік жоғары өнімді егін егу кешені шығады, бұл техникамен бүкіл егістік алқабының шамамен 70 пайызын егу жоспарлануда. Жыл сайын машина-трактор

паркі жоғары өнімді техникамен жаңартылып отырылады. Жыл басынан бері қосымша 248 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды.

Егістік жұмыстарын қаржыландыру маңызды мәселе болып табылады. Мәселен, көктемгі дала жұмыстарын несиелендіруге «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ арқылы 9 млрд. теңгеге форвардтық сатып алу бағдарламасын іске асыру қарастырылған.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден 81 өтінім қабылданды. «Кен-дала» бағдарламасы шеңберінде өтінімдердің жалпы пулы 34,9 млрд. теңгеге 363 өтінімді құрады, оның ішінде 28,1 млрд. теңге берілді. Сондай-ақ, ағымдағы жылы тұқымдарды өңдеуге тапсыру кезінде аграрийлерді субсидиялауға бюджет қаражаты бөлінді.

## Жастар қолдау көрсетуде

«AMANAT» партиясының «Жастар рухы» жастар қанатының 35 еріктілері бүгін Иванковка ауылына келді. Еріктілер ауылдағы су тасқынынан зардап шеккен отбасылардың үйлерін тазарту, қалпына келтіру, қоқыстардан тазалау жұмыстарын жүргізіп, өздері алып келген гуманитарлық көмекті таратты. «Бүгін ауылымызға келген еріктілерге алғыстан басқа айтарым жоқ. Бәрі келе сала ұйымдасқан түрде топ топқа бөлініп, өз жұмыстарын

орындауға кірісті. Қиындықтан кейін зардап шеккен әр адамға осындай қолдау маңызды» - деді Ерголка ауылдық округінің әкімі Мейрамбай Қаниев. Айта кетейік, тасқын судың салдарынан Иванковка ауылында 67 үйге су кірген болатын. Қазіргі уақытта үйлердің шығынын, жағдайын анықтау бойынша бағалау компаниясы өз жұмысын жүргізуде.

**Бұланды ауданының баспасөз қызметі.**



*Бірлігіміз жарасқан!*

## ЗА ЧИСТОТУ – ОБЩЕЙ КОМАНДОЙ!

По инициативе Главы государства Касым-Жомарта Токаева в стране стартовала экологическая акция «Таза Қазақстан».

Масштабная экологическая акция продлится пять недель, каждая из которых будет посвящена определенной тематике. Первая неделя, которая длилась до 13 апреля, носила название «Таза өлке» - в течение недели жители населенных пунктов, общественники, сотрудники организаций и предприятий проводили уборку прилегающих территорий и дворов.

Неделя до 20 апреля называлась «Киелі мекен» и была посвящена работам по благоустройству территории историко-культурных памятников.

До 27 апреля неделя с темой «Жасыл аймақ» ознаменуется посадкой саженцев деревьев, побелкой насаждений.

Период до 4 мая будет носить название «Өнегелі ұрпақ» и посвящен уборке и благоустройству дворов ветеранов и территорий домов престарелых.

В последнюю, пятую неделю, под

названием «Мөлдір бұлақ» будут очищать от мусора окрестности водоемов - рек и озер.

Инициативу с радостью приняли любители природы и приступили к работе.

Экологическую инициативу Президента с радостью восприняли любители природы района. Ведь среди нас очень много активных, патриотичных граждан. С прошлой недели начаты работы по уборке, озеленению. Участники акции, которые выходят на субботники, отмечают, что это не месячная кампания. Основная цель - сохранить чистоту, сделать посев деревьев, цветов жизненным навыком.

Ведь задача республиканской акции - формирование экологической культуры, привитие любви населению, молодежи к природе.

Несомненно, чистота начинается с каждого отдельно взятого двора, с отдельной личности. Если будет сознательность, будет и порядок, и уважение к

чужому труду. Каждый из нас должен принять участие в акции, ведь только общими усилиями можно сделать что-то полезное для общества. К республиканскому экологическому движению присоединились государственные

и гражданские служащие, руководители и работники предприятий всех форм собственности, депутатский корпус районного маслихата.

**А. АМАНЖОЛОВА.**



Бұланды ауданында «Таза Қазақстан» науқаны аясында сенбілік ұйымдастырылды

@butandy\_audanyнын\_akimdigi



# БІРЛІГІМІЗ МӘҢГІ БОЛСЫН

## Жүрегі қазақ деп соққан азамат



1944 жылы мыңдаған шешендер мен ингуштар Қазақ Республикасының аумағына күштеп жер аударылды. Қазақтың жүрегіндей кең даласынан бақытын тапқан талай отбасы қазіргі уақытта басқа ұлттар мен ұлыстар секілді тең құқылы, тыныш қоғамда өмір сүруде. Депортацияның зұлмат әсеріне қарамастан, бүгінгі күні бұл диаспораның ортасы толып, елімізде өткізілген соңғы ресми санақ бойынша 34 мыңға жуық адамды құрап отыр. Бүгінде олар Қазақстанның толыққанды азаматы болып, ел экономикасын көтеріп, болашағын қазақстандықтармен бірге көруде.

Бұланды ауданындағы шешен-ингуш диаспорасы өкілдерінің бірі – Мұрат Хаджибикарулы Кусиев. Бүкіл саналы ғұмырын еңбекке, отбасына, бала тәрбиесіне арнаған ол бүгінде зейнет жасына жетіп, ақсақалдың құрметті мәртебесіне ие болып отыр.

Мұрат Хаджибикарулы – репрессияға ұшыраған отбасында, 1955 жылы Бұланды жерінде, Ерголка ауылында дүниеге келген. Қасіретті жылдардың кавказ халықтарына әкелген ауырталығы туралы ата-аналардың естеліктерін естіген Мұрат ақсақал, 1944 жылы қанды қуғын-сүргіннің салдарынан ингуш, шешен және Солтүстік Кавказдың басқа да халықтары жүк вагондарымен Қазақстанның алыс аймақтары мен Орта Азия республикаларына жөнелтілгенін көзіне жас алмай

айта алмайды. Осы қайғылы оқиғаның салдарынан мыңдаған қоныс аударған адамдар аштық пен аурудан қайтыс болды, олардың арасында қарттар мен жас балалар бар еді. Ең маңыздысы – шарасыз жер аударылғандарға қиын кезеңде қазақтар мен ауылдағы басқа да ұлт өкілдерінің өзі жайлы жағдай жасап, оларды жылы қабақпен қарсы алып, қара бидайдың соңғы үзім нанымен, қуырылған бидайымен бөліскен еді. Өздерінің жағдайы нашар болса да, соңғысын беруге даяр еді. Қазақ халқында «Аштықта жеген құйқанды, тоқтықта ұмытпа» деген дана сөзі бар, сондықтан маңдайға жазылған тағдырды басынан кешірген тау халқының ұрпағы қазақтардың көрсеткен көмегі мен жасаған жақсылығын әрдайым есте сақтап, үнемі ризашылығын білдіріп тұратыны – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып отырған дәстүр деп де айтуға болады.

Мұрат Хаджибикарулы – қарапайым ауыл баласы, 8-сыныпты бітірген бойда Макинск қоғамдық тамақтандыру мекемесіне жүргізушісі болып жұмысқа орналасты. 1973 жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, Отан алдындағы әскери борышын өтеп, үйіне оралды. 1977 жылы «Макинский АвтоТЭП» мекемесінде «ЗИЛ-130» жүк автомашинасының жүргізушісі болып жұмысқа орналасты. Автокөлікшілер егін орағы кезінде жанқиярлықпен еңбек етіп, егістіктен 5-6 мың тонна астықты комбайнға тасымалдап, тәулігіне 17 комбайнға қызмет көрсеткен кездер еді. 1989 жылы осы кәсіпорынның бас инженері болып тағайындалуы – оның жұмысқа деген жауапкершілігі мен ынтысаның дәлелі. Сонымен бірге аудандық, облыстық партия комитеттерінің

мүшесі ретінде қоғамдық жұмыстарға да етене араласты. Еңбегі үшін Мұрат Кусиев «Коммунистік еңбегінің ударнигі», «Егін жинау үздігі», «11-бесжылдықтың көлік жүргізу шебері» мерекелік төсбелгісімен және көптеген алғыс хаттармен және грамоталармен марапатталған.

Совет үкіметі ыдырағаннан кейін, 1998 жылы Мұрат Хаджибикарулы «АХЧ Макинск» атты жеке кәсібін ашты. Ал 2005 жылы Макинск станциясының басшысы лауазымына тағайындалды. Бүгінде, жалпы 46 жылдық еңбек өтілінен кейін, құрметті зейнеткерлікте.

Кейіпкеріміздің өмірдегі басты тірегі мен құанышы – сүйікті де тату-тәтті отбасы. Адал жарымен бірге 10 баланы дүниеге әкеліп, өсірді. Үнемі қарбалас жұмыста, іс-сапарларда жүріп, балалардың қалай өскенін байқамай қалғанын күлімсіреп айтады. Ерлі-зайыптылардың 30 шақты немересі бар.

«Мен Қазақстанды өз Отаным деп санаймын. Менің барлық достарым, үйім осында. Кавказда бауырларым тұрады, бірақ Кавказдағы туыстарыма қонаққа барған сайын мені туып өскен еліме, үйіме тартып тұрады, өйткені мен қазақпын» – деген жүректен шыққан шанаулы сөздері оның патриот екенін аңғартса керек.

Жылы, жайбарақат атмосферадағы өткен сұхбатын Мұрат Хаджибикарулы ешкімді жат санап, жатырқамаған, шексіз мейірімін төгіп, қолындағысын аямай, қамқорлық пен ізгілік танытқан қазақ еліне деген шексіз алғысымен аяқтады және халқының бірлігі – басты құндылығымыз екенін есінен ешқашан шығармайтынын жеткізді.

А. АМАНЖОЛОВА.

## Единство и согласие – ВЫСШИЕ ЦЕННОСТИ

Самое большое богатство нашей страны – это, прежде всего, наше единство. Это мир и согласие, которые у нас есть. Неслучайно, Ассамблея народа Казахстана служит образцом для других стран.



В нашей стране уникальная модель единства, мы считаем дружбу нашим достижением, разнообразие – богатством.

Глава государства Касым-Жомарт Токаев во всех своих официальных обращениях подчеркивает важность значения мира и согласия для нашей страны, обозначая необходимость принятия конкретных мер по изучению политических процессов для дальнейшего укрепления общественного согласия. Президент считает, что усиливая роль казахского народа как государствообразующей нации, мы должны и дальше сохранять межэтническое и межконфессиональное согласие. Наш принцип – единство нации в его многообразии.

Казахстан – Родина для представителей многих национальностей, пусть наше единство и сплоченность будут вечными! Мы продолжим жить в стране, где царят мир, единство народа и спокойствие, несмотря ни на какие потрясения на мировой арене.

Л. ШИРИНСКАЯ, председатель районного Совета матерей, лидер общественного мнения.

## Мы дружбою сильны

Казахстан – многонациональная страна. Сотни этносов населяют нашу страну и живут в единстве и согласии. Государственная политика направлена на воплощение идеи единства и целостности народа. С первых дней обретения Независимости был избран путь диалога, терпимости, уважения и толерантности друг к другу. Казахский опыт сохранения

стабильности и мира изучают другие государства, ведь данная модель по-своему особенна. Ассамблея народа Казахстана – уникальный институт, который вносит весомый вклад в укрепление межэтнических отношений, распространяет идеи духовного единства и дружбы народов страны. С 1996 года мы стали отмечать особую дату – День единства народа Казахстана. 1 марта

2016 года в казахстанском календаре появилась еще одна знаменательная дата – День благодарности.

Казахстан сегодня – общий дом для представителей более чем 130 этносов. По всей стране образованы этнокультурные объединения, которые вносят весомый вклад в социально-экономическое и культурное развитие региона, укрепление дружбы, мира и согласия.

Дружба и толерантность для каждого казахстанца – это не пустые слова. Это наше достояние, которое мы должны сохранить на долгие века и передавать последующим поколениям.

А. АМАНЖОЛОВА, член районного Совета матерей, лидер общественного мнения.

## Чарующие звуки фортепиано...

Научно доказано, что фортепиано не только улучшает музыкальные навыки, но и развивает логические способности. Обучение игре на фортепиано улучшает функциональные возможности мозга. У детей, которых обучают игре на фортепиано, лучше развито внимание, ловкость рук и выше общая успеваемость по школьным предметам.

Детская музыкальная школа г. Макинска даёт хорошее начало для зарождения музыкантов. Это фундамент, на которую опирается весь дальнейший путь творческого развития личности. Педагоги школы в процессе работы, выявляют творческие способности ребенка, работая над правильным развитием всех их положительных качеств. Ведь каждый ребенок, который переступает порог музыкальной школы, – это редкая кладь, важно только найти к нему подход и раскрыть имеющийся потенциал.

Особый сегмент талантливых учащихся составляют пианисты. Они, как и все музыканты, очень тонкие личности. Их профессиональные

качества складываются из технических навыков, выразительности исполнения и способности создавать собственные интерпретации исполняемых произведений.

На прошлой неделе концертный зал Детской музыкальной школы снова распахнул свои двери для гостей. Настоящий праздник красивых мелодий вкупе с восторженными овациями зрительской аудитории подарил состоявшийся районный конкурс юных пианистов «Я – пианист» среди учащихся фортепианного отделения. Всего в мероприятии приняло участие 17 юных пианистов. Учащиеся 2-7 классов продемонстрировали свои навыки игры на инструменте, технику своей игры и исполнительское мастерство. Концертная программа включала произведения казахских, русских и зарубежных авторов. Жюри высоко оценило мастерство, талант и готовность юных музыкантов выступать на сцене. Но, конкурс есть конкурс, поэтому необходимо было сделать сложный выбор и распределить участников по местам.

Среди учащихся 2-го класса первое

место заняла Виктория Войншток, второе – Лилия Таберт, третье – Арина Глухова. На 3,4 и 5 местах – Нұрғәре Жүгенбай, Лейсан Балтабай и Анастасия Гаврилова.

Места среди пианистов 3-го класса распределились следующим образом: первое место – Айзара Толеген, второе – Нурсая Уранбай, третье – Эвелина Бубликова, четвертое – Александра Ионова.

Участниц конкурса из 4-го класса было двое. Первое место заняла Айша Кадыржан, второе – Айша Бигайдарова. 5 и 6 класс фортепианного отделения представили пианисты Светлана Гаврилова (5 класс), которая заняла 3 место и Дарья Бурова (6 класс), занявшая 2 место конкурса.

Ну, и наконец, среди юных музыкантов из 7-го класса, на высоком уровне исполнившие композиции Конратбаева, Джебран Алькосер и Брусиловского, жюри выявило сильнейших. Второе место в этой возрастной категории заняла Аяулым Кошкенова, первое – Софья Пугачева, а обладателем Гран-при стал юный пианист Амир Шалкенов.

Концерт, несомненно, прошел на одном дыхании. Аудитория всецело поддерживала юных музыкантов, одаривая бурными овациями каждое выступление. Особенно переживали за своих



учеников преподаватели класса фортепиано, имеющие за плечами колоссальный трудовой стаж и навыки – Ботагоз Ералиевна Турубаева и заведующая фортепианным отделением Детской музыкальной школы Ольга Александровна Стрижнева.

Прекрасный концерт, который подарили нам юные пианисты, завершился церемонией награждения, а также словами поздравлений и напутствий от директора Детской музыкальной школы Сертая Жатаевича Нуржанова.

Говорят, что игра на пианино – движение

пальцев, а исполнение – движение души. И только настоящему таланту суждено передать смысл произведения, коснувшись души слушателя...

А. АМАНЖОЛОВА.



# АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

## Қазақтың келіні Марина



Ауданымызға қарасты Капитоновка ауылына осыдан бірнеше жыл бұрын іс-сапармен барған кезім болды. Ауылдың мал шаруашылық нысандары аралып, материал жинап жүргенде түскі астың уақыты болып қалған соң, іс-сапарға бірге барған кісі Балуан Шолақ деген

нан дәм татып отырған сәтте көзім бірден орамал таққан келіншекке түсті. Бет-жүзі басқа ұлттың өкіліне келеді, бірақ таза қазақша сөйлегеніне, иіліп шай құйғанына, қол жайғанына еріксіз сүйсініп қарап отырдым. Бірден әңгімелесіп кетуге ыңғайсыздандым, бірақ, дастархан үстінде айталған әңгімеден келіншектің есімі Марина, Игазиндер әулетінің келіні екенін білдім. Сол күні бізге тиісті құрмет көрсетіп, қазақтың дәстүрімен ырымдап, аталарының жасын берсін деген ниетпен балалары қолыма бет орамал ұстатты. Сол кезден бері Марина келіншекті есіме алып, арнайы кездесіп, сұхбат алып, жақсы бір мақала жазармын деген ойда жүрдім. Бетпе-бет кездесетін уақыт, өкінішке орай, бұйырмады, бірақ, жақында телефон арқылы танысуға мүмкіндік туды.

Жоғарыда атап өткендей, Марина - Игазиндер әулетінің келіні. Өзі болса Капитоновка ауылының тумасы. Мектепті аяқтаған соң, ерте тұрмыс құрып кеткен екен. Қазіргі таңда жұбайының сүйікті жары, үш баланың бақытты анасы. Мен әуелде болжағандай, шын мәнінде Марина аралас отбасында дүниеге келген екен. Әкесі – қазақ, мама-

сы – неміс. Бірақ, таза қазақ тілі тәрбие-білім алғаны бірден-ақ көрініп тұр. Сонымен қатар, үлкен әулетке, әсіресе, ауылдық жерге келін болып түскеннен кейін, әрине, қазақшылығы тіптен артып кеткені даусыз. Менің сауалыма бірден таза қазақша жауап қайтарғаны өте қуантты. Өзі өте ашық, қарапайым, тәрбиесі жоғары екен. Нағыз пысық келін, отбасының ұйтықы. Қазіргі таңда Капитоновка ауылында сатушы болып жұмыс жасайтынын айтты.

Осылайша, қазақтың топырағы бұрқыраған, сайын даласы жайқалған, ауасы таза, суы мөлдір, қонақжайлығы мен дарханлығы кеңінен жайылған ауылының келіні Марианмен танысуым осындай жағдайда өз мәресіне жетті. Кейіпкерімнің таң қалдырғаны – орыс тілді болып саналытын Капитоновка ауылдық округінде таза қазақша сайрап тұрған адамды кездестіру, былайша айтқанда,



өзі сирек құбылыс, ал аралас отбасынан шығып, ұлттық болмысын жетілдіріп, асырып отырған Марианға Алланың барлық назары бұйырып, отбасы аман болып, шаңырағынан құт-береке кетпесін деген тілек айтқым келеді. Қазақ отбасыларында қазақша сөйлеу, ұлттық тұрғыда тәрбие беру үрдісі өз жалғасын таба бергей!

А. АМАНЖОЛОВА.

шағын ауылға бірге барып келуімізді өтінді. Оған себеп – осы ауылдың беделді қариясы, үлкен әулеттің атасы, еңбек және тыл ардагері, Балуан Шолақ ауылының тумасы Қарабай Игазин деген ақсақал сол жылы дүниеден өтіп, аруағына құран бағышталатын жұма шайына қатысу еді. Дәм жазып, қарияның қара шаңырағына келіп, астары-

## «Сердало» покорил Костанай

2024 год ингушский народный ансамбль «Сердало» начал с новых своих традиционных достижений.



20 апреля впервые ансамбль посетил город Костанай. Это красивый, чистейший, гостеприимный, доброжелательный город, в котором живут замечательные люди, способные проявлять душевную теплоту и любовь.

В этом прекрасном городе мы приняли участие в престижном танцевальном конкурсе – 91-ом Международном чемпионате «Pro танцы KZ» и получили заслуженно высокую награду – титул «Гран-при», как лучшие из лучших и подарочный сертификат на следующее участие в чемпионате «Pro танцы KZ» со скидкой 50 процентов.

Учащиеся Макинской школы-гимназии и общеобразовательных школ №1 и №2 Темирлан Кайратов, Нурали Каирбай, Мади Сатыбалдин, Андрей Прилепко, Султан Назымбеков, Константин Гуляев, Владислав Писаренко, Елизавета Дерманская и сестры Зарина и Таисия Мальсаговы приняли активное участие. Каждый участник был награжден ярким дипломом, брендовой медалью и призом.

Дорогие ребята, мы желаем вам в дальнейшем больших успехов на благо нашего района! Прощайте вам, безоблачного будущего, крепкого здоровья, исполнения всех ваших желаний! Продолжайте также радовать своего зрителя!

Р. ГАГИЕВА, руководитель ингушского народного ансамбля «Сердало».



## Жарнама тілі көңілімізден шығады ма?

Қазіргі нарық заманында жарнама – сауда-саттықтың тиімді құралы болып тұрғаны баршамызға аян, ал жарнама - бұл ақпарат қана емес, тілді қалыптастырушы, тілдің дамуына ықпал етуші құрал.

Жарнама тілі қазақ тілінің мәртебесін өсіреді. Сондықтан тілдің тазалығын сақтап, мағынасын бұзбау қажет. Өйткені сауатсыз жарнама – елдігімізге сын. Иә, сын түзелмей мін түзелмейді демекші, әрине, бұл мәселеде, әлбетте, біріншіден, заң талаптарының орындалуы, екіншіден, азаматтардың мемлекеттік тілге деген таза ниеті маңызды. Сондықтан, ең алдымен санаға ой салсақ, берер нәтиже молырақ болары даусыз.

Ал, Заңға жүгінетін болсақ, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР заңының (бұдан әрі - Заң) 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі екенін атап өткеніміз жөн.

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Осы Заңның 21-бабына сәйкес көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде оң жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қажеттігіне қарай көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда қаріп өлшемі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптар-

дан аспауға тиіс. Ауызша ақпарат, хабарландыру, жарнама мемлекеттік тілде, орыс және қажет болған жағдайда, басқа да тілдерде беріледі.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында қаламызда көрнекі ақпараттар мен сыртқы жарнамалардың «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Жарнама туралы» Заңдары талаптарына сай ресімделіп, орналасуы бойынша «Бұланды ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі назардан қалдырмай, бақылап келеді. Бақылаудың негізгі мақсаты - шағын және орта бизнес өкілдеріне сыртқы көрнекі ақпарат (жарнама) құралдарын әзірлеу барысында мәтіндерінің сауатты жазы-



луына, орналасуына әдістемелік көмек көрсету. Көрнекі ақпараттар зерделеніп, қате аудармалар бойынша әдістемелік көмек көрсетіледі.

Иә, әрине, бұл мәселеде айтарлықтай жетістіктер де, кемшіліктер де бар. Біреуі ниет білдіріп, барлық талаптарға сай сауда нысанын зерделеп жатса, енді біреуі осы күнге дейін немқұрайлы көзқарасын өзгертей келеді. Жақсы жаққа қарай өзгеру бар, бірақ бәсең. Ал, егеменді ел болғанымызға отыз жылдан асып барады. Мүмкін, кеңес беру, жылы сөйлеп үгіттеуден нақтырақ шараларға көшу қажет шығар? Бұл сұрақ уақыттың еншісінде...

А. АМАНЖОЛОВА.

## Мир музы Ирана Таскара

В Мировской сельской библиотеке проведено музыкальное знакомство «Мир поэзии и музыки», посвященное 85-летию творчества Ирана Таскара.

Это талантливый и многогранный человек, лауреат и дипломат различных международных, всесоюзных, республиканских смотров и конкурсов, любимых народом айтысов.

Иран Таскара родился 11 марта 1939 года в селе Кожма Омской области. В 10 лет он впервые взял в руки домбру, рос на народных песнях и музыке. Однако, профессию выбрал совсем не связанную с музыкой – отучился на горного инженера. Но искусство всегда оставалось рядом. Спустя много лет, благодаря таланту, в народе его прозвали Иран сал Таскара. Он виртуозно исполняет традиционную народную музыку Биржан сала, Укили Ибрая, Акана сере, тем самым одухотворяет и воссоздает народное творчество.

Иран Таскара является автором шести книг, более 150 песен и 2 кюев. Страна также знает и ценит Ирана сал как известного исполнителя традиционных народных песен Сары Арки, песен Акана серэ, Биржана сал и Укили Ибрая.



Т. КУЦЕВАЛОВА, библиотекарь Мировской сельской библиотеки.

# АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢ – ИНФОРМАЦИОННОЕ ПОЛЕ

## Аты аңызға айналған жерлесімізге деген құрмет

Аудандық "Тілдерді оқыту орталығымен" бірлесіп "Алты Алаштың ардақтысы-Балуан Шолақ" атты сайыс сабағын өткіздік. Сайыс сабағымыздың мақсаты - Балуан Шолақтың өмірі мен шығармашылығын дәріптеу. Сайыс сабағы



3-кезеңнен тұрды. Тыңдаушылар өздерінің белсенділігін көрсетті. Аудан орталығында

орналасқан Арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының қызметкерлері белсенді қатысып, жүлделі орындарды иеленді. 1-орын Екатерина Утопленникова, 2-орын Елена Садваксова және 3-орынды Алина Утопленникова жеңіп алды. Қалған қатысушылар алғыс хатпен және сыйлықтармен марапатталды.

\* \* \*

## Жақсы жастан шығады

Ауданымыздың кішкентай тұрғыны Абай Ағзамды есіп келе жатқан болашақ ерікті деуге болады. Яғни, қоғамдық бастамалардан бас тартпай, белсене араласып кететін елдің жанашыр азаматыны болатынына сеніміміз зор. Су тасқынына байланысты орын алған



жағдай кезінде гуманитарлық жүкті түсіру ісіне үлкендермен қоса зат тасыған бала көпшіліктің көзіне түсті. Міне, жас болса да, жауапкершілігі зор бала. Өмірдің биік белестерін бағындыр, талабың таудан болсын, Ағзам!

Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы.

\* \* \*

## Крепкий фундамент, на котором строится счастье

Семья - слово, которое понятно всем. Это дом, папа и мама, близкие люди. Это общие заботы, радости и дела. Это любовь и счастье. Семья – это тыл и фундамент, на котором строится вся жизнь. Все мы рождаемся в семье, а вырастая, создаем свою собственную. Так устроен человек.

В Коворкинг центре Молодежного ресурсного центра района прошел «круглый стол» на тему: «Развитие и приумножение семейных ценностей». На встречу были приглашены: председатель Совета матерей Буландынского района

Л. Ширинская, волонтеры и молодежь района. Говорили в этот день о том, насколько важно хранить семейный очаг и оберегать его. Счастливая, радостная семейная жизнь – не случайность, а великое достижение, основанное на труде и выборе. Создание семьи – ответственный поступок, который потребует много времени, затрат, сил, энергии. Но это достойное дело – главное в жизни.

Молодежный ресурсный центр Буландынского района.



## Пожарная безопасность сельскохозяйственных предприятий

Обеспечение продовольственной безопасности нашей страны невозможно без выполнения комплексных противопожарных мероприятий на всех объектах сельскохозяйственного сектора; а также на всех стадиях посадки, выращивания, уборки урожая зерновых, кормовых культур, содержания мясомолочных пород скота, пушных зверей. Сельскохозяйственные предприятия разных форм собственности – от небольших частных ферм до крупных агрохолдингов различаются организационно-экономическими возможностями, соответственно, наличием/отсутствием пожарных депо, автоматическими системами пожарной сигнализации, мобильной автотехники, мотопомп; обученных сотрудников пожарных формирований. Но, поддержа-

ние противопожарного режима внутри капитальных/временных строительных объектов, на территориях, в том числе на полях, в прилегающих лесных массивах, степях – это законодательно утвержденная обязанность руководителей.

Распространение огня по большой площади, уничтожение зданий, посевных культур, гибель людей, скота; нанесение большого материального ущерба в крупных размерах при пожарах на сельскохозяйственных объектах обусловлено следующими объективными факторами: Оборот, временное/длительное хранение значительных объемов горючих материалов, веществ – кормов, сена, зерна различных сельскохозяйственных культур, соломы как на территориях предприятий, внутри производствен-

ных, складских зданий, так и на полях. Большие расстояния до депо районных, городских пожарных частей. Отсутствие собственных пожарных формирований, обеспеченных мобильной специальной, приспособленной техникой для тушения пожаров, ПТВ. Зачастую сложности с подъездом к месту пожара, отсутствие пожарных проездов к зданиям, плохие дороги внутри территорий сельскохозяйственных объектов. Отсутствие наружного противопожарного водоснабжения – специально оборудованных, заполненных водой, утепленных на зимний период пожарных водоемов, резервуаров, а также пожарных пирсов при наличии рек, озер вблизи сельскохозяйственных предприятий. Отсутствие, неисправное состояние, недостаточная

укомплектованность зданий первичными устройствами пожаротушения, инвентарем, ручным инструментом. Несоблюдение требований ПБ в лесах, примыкающих, граничащих с территориями сельскохозяйственных предприятий, полями, засеянными зерновыми культурами. Низкий уровень обучения, не проведение противопожарных инструктажей, практических занятий по ПБ с работниками производственных, складских объектов, что приводит к панике, несогласованном, неправомерным действиям при обнаружении очага возгорания.

Последствия: гибель людей, поголовья животных; уничтожение урожая зерновых культур – как на полях, так внутри объектов хранения. Повреждение, обрушение зданий, вспомогательных строений, уничтожение

технологического оборудования ферм, складов. Уничтожение, вывод из строя дорогостоящей сельскохозяйственной техники, грузовых автомобилей. Нанесение значительного материального ущерба, необходимость привлечения кредитных средств на восстановление. Печально, что многие руководители сельскохозяйственных предприятий не делают по результатам происшедших пожаров должных выводов, продолжая не уделять вопросам обеспечения пожарной безопасности на вверенных/собственных объектах никакого внимания, что неизбежно приводит к чрезвычайным происшествиям с аналогичными, или еще более печальными последствиями.

**С. ТАУПЫК**, старший инженер ОЧС Буландынского района, лейтенант гражданской защиты.

## К сведению владельцев сельскохозяйственных животных

Доводим до Вашего сведения, что любое перемещение сельскохозяйственных животных по территории Республики Казахстан на основании «Правил осуществления транспортировки перемещаемых (перевозимых) объектов на территории Республики Казахстан» от 29 мая 2015 года № 7-1/496,должны сопровождаться ветеринарными сопроводительными документами (ветеринарные справки), выдаваемые ветеринарными врачами соответствующей территории согласно «Правил выдачи ветеринарных документов и требований к их бланкам»от 21 мая 2015 года № 7-1/453.

На основании ст. 25 Закона РК «О ветеринарии» Обязанности физических и юридических лиц по предупреждению болезней животных, включая болезни, общие для животных и человека извещать подразделения местных исполнительных органов, осуществляющих деятельность в области ветеринарии, государственные ветеринарные организации, созданные местными исполнительными органами, органы государственного ветеринарно-санитарного контроля и надзора о:

- вновь приобретенном (приобретенных) животном (животных), полученном приплоде, его (их) убое и реализации;
- случаях падежа, одновременного заболевания нескольких животных или об их необычном поведении и до прибытия специалистов в области ветеринарии, государственных ветеринарно-санитарных инспекторов принять меры к изолированному содержанию животных при подозрении в заболевании;
- обеспечивать своевременную вакцинацию и диагностику своих животных для обеспечения ветеринарно-санитарной безопасности;
- осуществлять проведение убое сельскохозяйственных животных, предназначенных для последующей реализации, на мясоперерабатывающих предприятиях, убойных пунктах или убойных площадках (площадках по убою сельскохозяйственных

животных)с проведением предубойного ветеринарного осмотраи проведенным ветеринарно-санитарной экспертизой;

- оказывать содействие специалистам в области ветеринарии при выполнении ими служебных обязанностей по проведению ветеринарных мероприятий;

- проводить карантинированиеживотных; Перемещение животных с юго-восточного региона Казахстана (Алматинская, Жамбылская,область Абай,Восточно-Казахстанская, область Жетісу, Кызылординская, Туркестанская области, города Алматы и Шымкент)

Допускается перемещение животных из юго-восточного региона в северо-западные и центральные регионы.

При этом, в пункте отправления животные проходят карантинирование, в рамках действующих нормативных правовых актов (в течение 21 дня) с проведением лабораторных исследований на неструктурные белки ящура и напряженность иммунитета животного.

Необходимо отметить, что к перемещению допускаются животные с отрицательным результатом на неструктурные белки ящура и положительным иммунным фоном.

При поступлении животных в пункт назначения животные также проходят карантинирование, в рамках которого исследуются также на неструктурные белки ящура.

При выявлении положительно реагирующих животных принимаются необходимые меры в соответствии с ветеринарно-санитарными требованиями.

После завершения процедур карантинирования проводят вакцинацию против ящура вакциной с учетом практики применения кампаний вакцинации в данном регионе.

Перемещение животных с северо-западного и центрального регионов Казахстана (Актыубинская, Атырауская, Акмолинская, область Ұлытау, Западно-Казахстанская,

Карагандинская, Костанайская, Северо-Казахстанская, Павлодарская, Мангистауская области и город Астана)

При перемещении живых животных с северо-западного и центрального регионов в юго-восточный регион Казахстана проводят в пункте отправления животные проходят карантинирование, в рамках действующих нормативных правовых актов (в течение 21 дня) с проведением лабораторных исследований құрылымсызбелоктарды ящура и напряженность иммунитета животного.

Необходимо отметить, что к перемещению допускаются животные с отрицательным результатом на неструктурные белки ящура и положительным иммунным фоном.

При поступлении животных в пункт назначения животные также проходят карантинирование, в рамках которого исследуются на неструктурные белки ящура.

При выявлении положительно реагирующих животных принимаются необходимые меры в соответствии с ветеринарно-санитарными требованиями.

